

**"Тапсырыс берушілер үшін бірыңғай ұйымдастырушыны айқындау туралы"  
Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 1308  
қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 9 желтоқсандағы № 148 қаулысы.  
Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 9 желтоқсанда №  
7887 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2021  
жылғы 1 қарашадағы № 396 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 01.11.2021 № 396  
қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6  
сәуірдегі Заңының 50-бабының 2-тармағына және "Мемлекеттік сатып алуды  
жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығына (нормативтік  
құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 12590 нөмірімен тіркелген)  
сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Тапсырыс берушілер үшін бірыңғай ұйымдастырушыны айқындау туралы  
" Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 1308  
қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6641  
нөмірімен тіркелген, 2019 жылғы 3 қаңтарда Қазақстан Республикасы  
нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған)  
мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушыны айқындау туралы";

көрсетілген қаулының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік  
мекемесі мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы болып  
айқындалсын."

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің  
орынбасары Б.Д. Жахановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа  
енгізіледі.

